



«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»
акционерлік қоғамы

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының
Тұрақты даму саясаты

Мазмұны

Атауы		Бет
1.	1-тарау. Жалпы ережелер	3
2.	2-тарау. Саясаттың мақсаты, міндеттері және қолданылу саласы	3-4
3.	3-тарау. Қоғам қызметіндегі тұрақты даму қағидаттары	4-5
4.	4-тарау. Саясатты жүзеге асыру тетіктері	5-6
5.	5-тарау. Мониторингті жүзеге асыру тетіктері	6
6.	6-тарау. Қорытынды ережелер	6



1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының Тұрақты даму саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық (ТДТ) қағидаттарына негізделген БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге бағытталған ішкі нормативтік құжат болып табылады.

2. Бұл Саясат Қоғамның Жарғысына, Қоғамның 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

3. Саясаттың ережелері Қоғам Басқармасы мен құрылымдық бөлімшелерінің стратегиялық және операциялық жоспарлауда, филиалдар мен өкілдіктердің білім беру бағдарламалары мен жобаларын іске асыруда, сондай-ақ Қоғамның барлық қызметкерлерінің өздерінің қызметтік міндеттерін орындау және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу кезінде міндетті түрде қолданылуға жатады.

4. Саясат ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және өзектендіру, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық тәсілдерге, оның ішінде БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес қызмет тиімділігі мен нәтижелерінің көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

2-тарау. Саясаттың мақсаты, міндеттері және қолданылу саласы

5. Саясаттың мақсаты – педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы саласында Қоғамның жүйелі және бірізді тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

6. Саясаттың мақсатына қол жеткізу үшін Қоғам келесі міндеттерді шешеді:

1) педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы бойынша ұлттық құзыреттер орталығы ретінде Қоғамның рөлін күшейту;

2) Қоғамның және педагогикалық қоғамдастықтың адами капиталын дамыту, оның ішінде педагогтердің біліктілігін, уәждемесін және әл-ауқатын арттыру;

3) этикаға, инклюзивтілікке және академиялық адалдыққа негізделген әлеуметтік жауапкершілікті және корпоративтік мәдениетті нығайту, сондай-ақ Қоғам қызметкерлері арасында қызметтік міндеттерін орындау кезінде этикалық мінез-құлықтың тұрақты үлгілерін дамыту;

4) Қоғам ресурстарын ұтымды және нәтижелі пайдалануды қамтамасыз ету;

5) халықаралық ынтымақтастықты дамыту және Қоғамды білім берудің тұрақты дамуы саласындағы сенімді серіктес ретінде көрсету, соның ішінде 4 ТДМ «Сапалы білім беру», 8 ТДМ «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу», 10 ТДМ «Теңсіздікті азайту», 12 ТДМ «Жауапты тұтыну және өндіріс», 13 ТДМ



«Климаттың өзгеруіне қарсы күрес» және 17 ТДМ «Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік» сияқты халықаралық стандарттар мен бағдарларды интеграциялау.

7. Саясат Қоғамның 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту кезінде қолданылады және сонымен қатар персоналды басқару, IT-жүйелер мен құжат айналымы процестеріне, сондай-ақ ішкі бақылау және есептілік жүйесіне қолданылады.

3-тарау. Қоғам қызметіндегі тұрақты даму қағидаттары

8. Қоғам БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуді қамтамасыз ететін келесі корпоративтік тұрақтылық қағидаттарын басшылыққа ала отырып қызмет етеді:

1) экологиялық: педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларына экологиялық тұрақтылық қағидаттарын интеграциялау, экологиялық ойлауды қалыптастыруға, экологиялық сауаттылықты дамытуға, білім беру және әкімшілік қызметті жүзеге асыруда экологиялық жауапты тәсілді қалыптастыруға бағыттау, экологиялық жүктемені азайтуға және мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуына үлес қосатын цифрлық және қашықтан оқыту нысандарын енгізу;

2) әлеуметтік: педагогтердің сапалы үздіксіз кәсіби білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы әлеуметтік тұрақтылықты нығайту және инклюзивті қоғамды дамыту, кәсіби этика мен академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру, қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын сақтау, Қоғам қызметкерлерінің кәсіби және тұлғалық дамуын қолдау;

3) экономикалық: қаржылық және материалдық ресурстарды тиімді әрі ұтымды пайдалану, қаржы-шаруашылық қызметтің тұрақтылығын және Қоғамның ұзақ мерзімді институционалдық дамуын қамтамасыз ету, педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламаларын, жобалық және ғылыми-зерттеу қызметін іске асыру арқылы білім беру саласында жоғары білікті адами капиталды қалыптастыру.

9. Тұрақты даму қағидаттары Қоғамның 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясының құндылықтарына сәйкес стратегиялық бағыттарды жоспарлау, іске асыру және мониторингтеу барысында қолданылады:

1) әлеуметтік жауапкершілік – басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде Жалғыз акционердің, қызметкерлердің, тыңдаушылардың, серіктестердің және басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін ескеру;

2) кәсібилік және кемелдікке ұмтылу – білім беру және ғылыми қызметтің практикалық бағытталған, дәлелді негізделген және өлшенетін нәтижелеріне басымдық беру, кәсіби және қызметтік этика нормаларын және академиялық адалдықты сақтау, деректерді бұрмалауға, плагиатқа және академиялық адалдықтың өзге де бұзушылықтарына жол бермеу;



3) ашықтық және ынтымақтастық – Қоғамның 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын және осы Саясатты іске асыру нәтижелерін қоса алғанда, қызметтің мақсаттары, нәтижелері мен негізгі көрсеткіштері туралы ақпараттың ашықтығы, білім беру ұйымдарымен, халықаралық және ұлттық серіктестермен, кәсіби қауымдастықтармен өзара іс-қимылды дамыту;

4) педагогикалық кәсіп – педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін басымдыққа қою және олардың кәсіби дамуын қолдау, инновациялық білім беру тәсілдерін, цифрлық шешімдер мен үздіксіз кәсіби дамудың модельдерін енгізу;

5) инклюзивтілік – барлық өңірлердегі, білім беру ұйымдарының барлық түрлеріндегі педагогтер үшін біліктілікті арттыру бағдарламаларына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, тең мүмкіндіктер мәдениетін қалыптастыру және кемсітушілікке жол бермеу;

6) зерттеу және инновациялар – педагогтердің үздіксіз кәсіби даму жүйесінде ғылыми негізделген тәсілдер мен цифрлық шешімдерді, ЮНЕСКО-ның білім беру және адами капиталды дамыту саласындағы шеңберлік құжаттарының негізгі қағидаттарын енгізу, жаңа жағдайда табысты бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету;

7) дамудың тұрақтылығы – Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерін сақтау, ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту, қызметкерлер мен педагогтердің экологиялық мәдениетін дамыту, Қоғам қызметін басқару мәселелеріне ESG қағидаттарын енгізу.

4-тарау. Саясатты жүзеге асыру тетіктері

10. Қоғамның Басқармасы Жарғымен айқындалған құзыреті шегінде Саясаттың іске асырылуына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11. Стратегиялық мәселелер жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары стратегияны іске асыру мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшенің ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуімен Саясатты іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асырады.

12. Құрылымдық бөлімшелердің, филиалдар мен өкілдіктердің басшылары:

1) өз қызметіне тұрақты дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қағидаттарын енгізеді;

2) Қоғамның 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын және оны іске асыру құжаттарын жүзеге асыру шеңберінде өз құзыреті шегінде тұрақты даму жөніндегі іс-шаралардың орындалуын және көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

3) көрсеткіштерге қол жеткізуге және мерзімдердің сақталуына, сондай-ақ жыл сайынғы есеп үшін ақпараттың уақтылы ұсынылуына жауапты болады;



4) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді, мүдделер қақтығысына және қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

13. Құрылымдық бөлімшелердің, филиалдар мен өкілдіктердің қызметкерлері:

- 1) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде Саясаттың ережелерін сақтайды;
- 2) тұрақты даму жөніндегі іс-шараларға қатысады;
- 3) Саясатты іске асыруға байланысты анықталған тәуекелдер мен сәйкессіздіктер туралы тікелей басшысына уақтылы хабарлайды;
- 4) қызметтік корпоративтік этика нормаларын сақтайды.

5-тарау. Мониторингті жүзеге асыру тетіктері

14. Саясат Қоғамның 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясына интеграцияланған, өйткені тұрақты дамудың қағидаттары, мақсаттары, іс-шаралары мен көрсеткіштері Қоғам қызметін жоспарлау, басқару және бақылау жүйесінде оның ажырамас бөлігі болып табылады.

15. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдары мен өкілдіктерінің басшылары стратегияны іске асыру мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшенің сұрау салуы бойынша ақпарат ұсынады.

16. Саясат мониторингінің мерзімділігі мен ақпаратты ұсыну форматы Қоғамның ішкі нормативтік құқықтық актілерімен, оның ішінде Қоғамның 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі жыл сайынғы Іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде, сондай-ақ аккредиттеу, сертификаттау және өзге де регламенттелген процестердің рәсімдік құжаттарымен айқындалады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

17. Осы Саясат Қоғамның тұрақты даму және педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы саласындағы негізқалаушы құжаты болып табылады және Қоғам қызметін жоспарлау, іске асыру және бағалау кезінде міндетті түрде ескерілуге жатады.

18. Саясатты іске асыру білім беру саласындағы ұлттық басымдықтар мен тұрақты дамудың халықаралық бағдарларын ескере отырып, жүйелілік, сабақтастық, жауапкершілік және ашықтық қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

19. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу оны іске асыру тиімділігін бағалау нәтижелерін және Қоғам дамуының стратегиялық басымдықтарындағы өзгерістерді ескере отырып жүзеге асырылады.

20. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның өзге де ішкі актілерімен реттеледі.